

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

Н. Х. Ахмаева

Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ИНТЕРНЕТ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ТІЛДІК НОРМА

Мақалада бүгінде аса сөз етіле бермейтін, қазіргі қазақ тіл білімінде басты назардан тыс қалып бара жатқан тілдік норма мәселесі қозғалған. Мақала авторы жалпы интернет лингвистика саласын зерттеп жүрген орыс зерттеушілері мен қазақ ғалымдарының пікіріне сүйене отырып, ғаламтордың тілдік нормаға әсер ету құбылысын екі жақты қарастырады. Біріншісі – ауызекі сөйлеу үлгілерінің интернеттегі қарым-қатынасқа енуі, екіншісі – керісінше ғаламтор әсерінен тілімізге еніп кеткен түрлі сленгтер. Бұл мәселе тіл тазалығын сақтауда өзекті екені белгілі. Сондай-ақ тілдік норманы бұзатын уәжді-уәжсіз ауытқулар жайлы ғалымдарымыздың пікірін келтіре отырып, интернеттегі тілдік норманы бұзатын себептер айтылған. Қай-қайсысы болса да бүгінде орын алып жатқан жағдайлар.

М. Балақаев, Р. Сыздық және ағылшын, орыс тіл білімінде интернет лингвистикаға елеулі үлестерін қосып жүрген Д. Кристал, Л. Ф. Компанцева, Е. И. Горошко, Н. А. Ахреновалардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, интернет әсерінен болып жатқан тілдегі өзгерістерді, оның алдын алу шаралары да мақалада қарастырылған.

Кілтті сөздер: интернет лингвистика, әдеби тіл, тілдік норма, уәжді ауыту, уәжсіз ауытқулар.

Кіріспе

Тіл ұзақ жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты. Заман талабына сай жанды құбылыс ретінде танылатын тілдің тұрмысқа байланысты өзгеріске түсуінің негізі біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған интернет лингвистикаға алып келіп отыр. Себебі соңғы жылдардағы зерттеу бағыты тіл біліміндегі тың сала интернет лингвистикамен байланысты болмақ. Бүгінгі тілдік қатынас, сөйлесім әрекетінің негізгі құралы интернет. Ал осы интернет лингвистикадағы тіл нормасы қай дәрежеде екені белгісіз. Тілдік норма қазақ әдеби тілінің бастау арнасымен бірге жасап келеді. Бүгінде сол норма интернет тілінде назардан тыс қалған сыңайлы.

Зерттеудің нысаны: Тіл білімінің жаңа саласы интернет лингвистикадағы тілдік норма сипаты.

Зерттеудің пәні: Интернет лингвистика саласы, осы бағыттағы ғылыми тұжырымдар.

Мақсаты: Интернет лингвистикаға тән ғылыми зерттеулерді жинақтау. Қазақ әдеби тіліндегі нормалық сипатын зерделеу.

Міндеттері: Аталмыш мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер түзілді:

– Тілдік норма, тіл дәлдігі, тіл тазалығы, сөздің мәнерлігі сынды тілге тән маңызды мәселелердің сипатын қамту;

– Жөнімен, жөнсіз ауытқуды саралаған ғалымдар М. Балақаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, С. Исаев, М. Серғалиев тағы басқаларының ғылыми пікірлерін саралау;

– Ағылшын, орыс тіл білімінде интернет лингвистикаға елеулі үлес қосып жүрген Д. Кристал, Л. Ф. Компанцева, Е. И. Горошко, Н. А. Ахреновалардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, интернет әсерінен болып жатқан тілдегі өзгерістерді саралау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Жоғарыда атап өткен қазақ лингвистикасының ғалымдарының қай-қайсысы болсын сөйлеуде, жазуда кеткен кемшіліктер, тіл орашолалығы өз кезінде қозғалып айтылмаса, «тіл ауруына» айналатынын айтқан.

Интернет тілі қызметінің қарқынды зерттелуі ағылшын тіл білімінде 15 жылдан аса уақыты қамтуда. Бұл мәселеде орыс тіл білімі де қалыс қалмайды. Осындай жан-жақты зерттеулер, бүгінгі жаһандану дәуіріндегі жаңа технологиялардың күн санап дамуы тіл білімінің жаңа саласы интернет лингвистикасының пайда болуына негіз болып отыр. Осы орайда интернет лингвистикадағы тілдік норманың жағдайын қарастыру, жалпы интернетте қолданылатын тілдің деңгейі, оның қазіргі қоғамға әсерін лингвистикалық тұрғыдан қарастыру қажет.

М. Балақаевша айтсақ «Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Ол тәртіпті орнататын да, оның иін қандыратын да әдеби тіл [1, 138]. Алайда әдеби норма өзгермейтін, қатып қалған тілдік тәсілдер емес. Тілдің бір кездегі нормалары өзгеріске ұшырауы да, өзгеріске түспей жалғаса беруі де мүмкін. Мысалы, 1920 жылдары бүгінгі күндегі біраз терминдер басқаша айтылатын: жағрапия-география, милләт-ұлт т.б. Немесе қазан төңкерісінен кейін біраз жаңа сөздер тілге жаттығы болмай, тез нормаға айналып кетті: басылым, үзіліс, балмұздақ, жағажай т.б. Яғни, қоғамның күн санап дамуы тілдік норманың да өзгеруіне әсерін тигізуде. Ал қазіргі қоғам дамуы тікелей интернетпен байланысты. Осы тұста интернеттің тілдік нормаға әсер ету құбылысын екі жақты қарастырсақ болады. Біріншісі, ауызекі

сөйлеу, түрлі сленг, диалектілердің интернеттегі қарым-қатынасқа енуі, ал екіншісі, қарама-қарсы жағдай, яғни интернет арқылы пайда болған сленгтік элементтердің сөйлеу мәнеріне енуі. Интернеттегі сөздерді зат немесе түрлі программалардың атауына, қысқарылуына немесе қандай да бір іс-әрекетке байланысты қарастырсақ болады. Мысалы онлайн, офлайн, пост, блог, ник, гугл, логин, аккаунт, репост, статус, чат, лайк, хэштег, стена, хайп, сынды сөздерді әрбір интернет қолданушысы біледі және күнделікті өмірде емін-еркін қолдануда. Тіпті интернеттегі лексика газет мақалаларына, теледидардағы бағдарламаларға, әдеби шығармаларға да сіңісіп кетті. Мұндай қазақ танымына жат сөздер уақыт өте тіл тазалығына кері әсерін тигізбейді ме?

Ғалым Р. Сыздық тіл мәдениетінің өзекті проблемасы уәжді және уәжсіз ауытқулар деп, уәжсіз ауытқу түрлеріне мынадай мәселелерді келтіреді:

– Әдеби баламасы бар жерде ешбір стильдік не өзге мақсат көзделмей диалектизмдерді, қарапайым сөздерді жұмсау;

– Жаңа жасанды сөз ұсыну, және оның мағынасы жағынан сәтсіз шығуы;

– Сөз мағынасын дұрыс білмей жұмсау;

– Орфоэпиялық норманы сақтамау;

– Бірқатар кірме сөздер.

Сондай-ақ ғалым тілімізге соңғы 10 жылдықта енген жаңа сөздерді сұрыптау керек екенін айтады [2, 17–19]. Д. А. Әлкебаева «дайын сөз орамдарының екі түрлі жасалу жолы бар. Біріншісі орыс тілінен енген, екіншісі төл тілдегі дайын сөз формаларының жасалуы. Осының ішінде орыс тілінен енген сөз оралымдары тіл мәдениетін жиі бұзады». Демек, қай ғалымның пікірін алсақта кірме сөздер тілдік нормаға әсерін тигізбей қоймайды. Ал бүгінде сәнге айналған әлеуметтік желілер арқылы тілімізге қисынсыз сөздер лек-легімен келуде. Жоғарыда келтірілген уәжсіз ауытқулар қатарын төмендегі жүйедетолықтырса болады:

– орфография мен пунктуацияның сақталмауы;

– стильдік қателер;

– басқа тілдің сөздерін өз тілімізбен араластыра қолдану;

– сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмендеуі;

– ретсіз қысқартулар;

– дисфемизмдерді қолдану т.б. Мысалы ағылшын тілінің «ok» сөзі қандай ортада болмасын еркін қолданыста. Немесе жауап алу мақсатында жазылған сөздерге «сұрау белгісін» қоймау қалыпты жағдайға айналған. Және қазіргі таңда кез-келген сөзді қысқартып жазу желі қолданушылар арасында кең етек жаюда: қазір-каз, не істеп жатырсың?-нест? т.б.

Жалпы интернеттегі тіл құрылысы грамматикасы жағынан өзгерген, ауызша тілдің элементтері қосылған жазбаша тіл болып саналады. Және ең негізгі ерекшелік те осында. Орыс зерттеушісі Ю. В. Рождественский

сөйлеу тілін ауызша, жазбаша, баспа, және радио-теледидардағы тіл деп қарастырады [3, 21]. Ал ғаламтор тілі мұның ешбіріне сай келмейді. Себебі интернетте бәрі қамтылған, яғни сөйлесім әрекетінің 5 түрі: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім. Осыған байланысты интернеттегі тілдік норманың қалыптасуы да күрделі құбылыс болмақ.

М. Горькийдің белгілі қағидасы бойынша халық тілі пісіп жетілмеген тіл де, әдеби тіл – сөз шеберлері шындаған тіл. Сол айтылған шеберлер – халық өкілдері, жазушы, ақын, журналисттер және әдеби тілді пайдаланушы басқа мамандар, ал әдеби тіл шеберханасы – жазба әдебиет – баспасөз, радио, телевидение, аудитория, мектеп [4, 98]. Осы қатарға бүгінде интернет ұғымы да еніп кетті. Және интернеттің мүмкіндігі жоғары болғандықтан, халық тілі мен әдеби тіл арасындағы айырмашылық бара-бара азаюда. Себебі желідегі көп қолданушылар ауызекі тілді пайдаланады. Бұл мәселені дер кезінде қолға алмаса қоғамның дертіне айналуы мүмкін. А. С. Пушкиннің «тек қана ауызекі тілде жазу – тіл білмегендіктің белгісі» деген сөзі бүгінгі адамзатқа айтылғандай.

О. В. Лутовинова жүргізген тәжірибеде, интернеттегі қарым-қатынас барысында көп адамдар әдеби нормаға сай сөйлеп, жазатын болса, өзін жоғары санағандық және басқа қолданушылар оны мазақ етеді деп түсінеді екен [5]. Адамдардың осындай бейресми қарым-қатынасқа көп түсуі біріншіден нормативке сай емес мінез-құлыққа, екіншіден интернет тілін «демократияландыруға» әкеледі [6]. Мұндағы тілдің демократиялануын біз интернеттің дамуы емес, тілдің заман ағымынан кері шегінуі деп түсінуіміз керек.

Орыс зерттеушісі Н. Б. Мечковский интернетте тілдік норманың болмайтының ғаламтордың еркін орта болуымен байланыстырады. Және «норма» терминін тек әдеби тілге қолдануды жөн санайды. Ал Л. Ф. Компанцева, Е. И. Горошко, Н. А. Ахреновалардың еңбектерінен интернеттегі тілдік норманың қалыптасу барысында бірқатар сөздердің және жаңа ережелердің пайда болуы мүмкін екендігі айтылады.

Мұндағы «жаңа ережелер» туралы бірқатар мағлұмат бере кетсек. Айталық интернет лингвистика саласының негізін қалаушы Д. Кристал соңғы 15 жылда тілде синхрондық және диахрондық аспектідегі өзгерістердің пайда болғандығын, лексика мен грамматикадағы біршама еңгізулерді «интернет лингвистикасының тарихы» арқылы біле алатынымызды айтады. Сондай-ақ ғалым бүгінгі таңда «салыстырмалы интернет лингвистика» саласы бойынша бірқатар зерттеулер жүріп жатқандығын алға тартады. Бұдан байқайтынымыз, интернет көптілді коммуникативтік ортаға айналуға [7, 5–6].

Орыс тіл білімінің зерттеушісі Л. Ф. Компанцева бүгінде интернет лингвистикасының жаңа сала ретінде қалыптасқандығы жайлы бірнеше фактілерді келтіреді:

– интернет-коммуникацияның типологиялық ерекшелік деңгейлерінің анықталуы:

- функционалды-жүйелік;
- дискурсивті – жаңа сөздер және жаңа жанрлық жүйе;
- концептуалды – желідегі әлем тілдік бейнесінің өзгеруі;
- виртуалды қарым-қатынас себебінен лингвистикалық бірліктердің пайда болуы.

– интернет тілі парадигмасының қалыптасуы, яғни оның өзіне тән терминдік жүйесінің пайда болуы: интернет-коммуникация, әлемнің виртуалды тілдік бейнесі (виртуальная языковая картина мира), виртуалды дискурс (виртуальный дискурс), гипермәтін (гипертекст) және т.б) [8, 405–407].

Сондай-ақ орыс зерттеушісі Е. И. Горошко бүгінде интернет тілін зерттеуде көптеген әдістер қолданылып жүргендігін өз еңбектерінде келтірген. Сонымен қатар интернет өз әдіс-тәсілдерін қалыптастыруда. Мысалы: еркін ассоциативті эксперимент, интент-анализ. Желі тілін веб-орта арқылы сандық талдау әдісімен зерттеу бүгінде жиі қолданылып жүр. Ғаламторда тек мәтін ғана емес түрлі аудио, видео жазбаларда болған соң, оның тілін зерттеу басқа ғылым салаларындағы (коммуникативистика, медиавистика) әдіс-тәсілдерді қажет етеді. Мұндай әдістерге графикалық талдау әдісін айтсақ болады. Осыған байланысты А. А. Давыдов интернет әдістемесі немесе интернет кеңістігін зерттеудің арнайы пәні шығуы мүмкін екендігін айтады [9].

Қорытынды

Қорытындылай келе, жоғарыдағы мәліметтерге қарап интернет лингвистика саласы толық қалыптасқан десек қателеспейміз. Демек оның өзіне сай нормаланған тілі болуы керек. Ол нормалар қазақ әдеби тілінің қабатында сараланған, жүйеге түскен қалып негізінен туындайды. Функционалдық стильдер сипаты да басшылыққа алыну керек. Ғаламтор тілінде әр стильдің сипаты көрініс тауып, ауытқудың басым бөлігі ауызша сөйлеу стилінің кең қарқынынан көрініс табатыны сөзсіз. Алайда қоғам тілдің дұрыс қолдану аясын жете түсіне алмауда. Қайткен күнде де орфография мен орфоэпия заңдылығы ескерілу керек. Егер интернет тіліндегі норма сипаты бірізділенбесе, тіл дамуына интернеттің келтіретін зияны орасан болмақ. Сайып келгенде біздің мәдениетіміз сөйлеу мен жазудан да байқалатындығын әр адам ұғынуы керек. Желі тілін өсіретін де, өшіретін де – адамдар. Сондықтан бүгінгі заманның басты талабы болып отырған интернеттегі тілді дұрысынан қолдану немесе бір жүйеге келтіру ең маңызды мәселе болуы тиіс. «Нормалау – біреулердің ойдан шығарған ермегі емес, тілдің пайда болу табиғатын, ілгері даму жолдарын айқындау үшін керек әрекет» [1, 145]. Сол әрекеттің ғалымдар екшелеп берген жүйесінен ауытқу дұрыс емес. Бірізділенген жүйе болу керек. Тілдегі нормалану жүйесі «...бір жағынан, тілде барды сол күйінде қалыптастыру болса, екіншіден, тілде барды өзгертіп қалыптастыру, үшіншіден, тілде жоқты, бірақ әдеби тіл үшін керекті жаңадан енгізіп қалыптастыру болады» [10, 23].

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Балақаев, М. Б.** Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы : Ғылым, 1984.
- 2 **Сыздықова, Р.** Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы / Рәбиға Сыздықова / – Алматы : «Ел-шежіре», – 2014.
- 3 **Рождественский, Ю. В.** Общая филология. – М., 1996.
- 4 **Балақаев, М.** Қазақ әдеби тіл және оның нормалары. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010.
- 5 **Высекков, П. В., Шевченко И.** «Я» в дискурсе виртуальности // Критика и семиотика. – Новосибирск, 2000. – Вып. 1–2. – С. 19–25.).
- 6 **Лутовинова, О. В.** Интернет как новая «устно-письменная» система коммуникации // Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена: общественные и гуманитарные науки (философия, языкознание, литературоведение, культурология, экономика, право, история, социология, педагогика, психология): науч. журн. – СПб., 2008. – № 11 (71). – С. 64.)
- 7 **Crystal, D.** The scope of Internet linguistics. Paper given online to the American Association for the advancement of Science meeting. 2005.
- 8 **Компанцева, Л. Ф.** Интернет-лингвистика когнитивно-прагматический и лингвокультурологический подходы. Монография. – Луганск, 2008.
- 9 **Давыдов, А. А.** Системная социология: визуальный суперкомпьютеринг взаимодействий пользователей Интернета – М., 2008.
- 10 **Балақаев, М., Серғалиев, М.** Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы : Зият Пресс, 2004.

References

- 1 **Balakaev, M. B.** Qazaq ádebi tili jáne onyń normalary. [Balakaev M. B. Kazakh literary language and its norms]. – Almaty : Nauka Publ., 1984.
- 2 **Syzdykova, R.** Tildik norma jáne onyń qalyptanýy (kodifikasıy). Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy/ Rábiǵa Syzdykova. [Syzdykova R. language norm and its normalization (codification). Collection of multi-volume works / Rabiga Syzdykova]. – Almaty : «El-shezhire», – 2014.
- 3 **Rozhdestvenski, Iy.V.** Obshhaya filologiya. [Rozhdestvensky Yu. V. General philology]. – Moscow, 1996.
- 4 **Balakaev, M.** Qazaq ádebi til jáne onyń normalary. [Balakaev M. Kazakh literary language and its norms]. – Pavlodar : S. Toraiyrov Pavlodar State University, 2010.

5 **Vysevkov, P. V., Shevchenko, I.** «Ia» v diskýrse virtýálnosti // Kritika i semiotika. [Vysevkov P. V., Shevchenko I.] I «In the discourse of virtuality // criticism and semiotics». – Novosibirsk, 2000. «Come on.» 1–2. – P. 19–25.

6 **Lýtovinova, O. V.** Internet kak novaya «ýstno-pismennaya» sistema komýnikatsii. In Izvestia Rosiskogo gosýdarstvennogo pedagogicheskogo ýniversiteta imeni A. I. Gersena: obshchestvennye i gýmanitarnye naýki (filosofia, iazykoznanie, literatýrovedenie, kúltýrologia, ekonomika, pravo, istoria, sosiologia, pedagogika, psihologia). [Lutovinova O. V. Internet as a new» USTN-written «system of communication. In Izvestia of the Russian State Pedagogical University named after A. I. Herzen: public and humanitarian sciences (philosophy, language, literature, culturology, economics, law, history, sociology, pedagogy, psychology): science. the journal]. – St. Petersburg., 2008. – № 11 (71). – P. 64.).

7 **Crystal, D.** The scope of Internet linguistics. Paper given online to the American Association for the advancement of Science meeting. 2005. [Crystal D. The scope of Internet linguistics. Paper given online to the American Association for the advancement of Science meeting. 2005].

8 **Kompantseva, L. F.** Internet-lingvistika kognitivno-pragmaticheskí i lngvokúltýrologicheskí podhody. [Compantseva L. F. Cognitive-pragmatic and linguoculturological approaches to Internet linguistics]. – Monograph. – Luhansk publ., 2008.

9 **Davydov, A. A.** Sistemnaya sosiologia: vizýalny sýperkómpýting vzaimodeistvi pólzovatelei Interneta. [Davydov A. A. Systematic sociology: visual supercomputing interaction of internet users] – Moscow, 2008.

10 **Balakaev, M., Sergáliev, M.** Qazaq tiliniń mádenieti. [Balakaev M., Sergaliyev M. Culture of the Kazakh language]. – Almaty : Ziyat Press, 2004.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

H. X. Axmaeva

Языковые нормы в интернет лингвистике

Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 10.12.20.

N. H. Akhtayeva

The language norms in the Internet linguistics

Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, c. Pavlodar.
Material received on 10.12.20.

В статье рассматривается вопрос языковых норм, которые нечасто обсуждаются в современном казахском языкознании. Автор статьи обращается к феноменам влияния интернета на языковые нормы, исходя из взглядов казахстанских и зарубежных исследователей, изучающих область Интернет-лингвистики в целом. Первый – это внедрение речевых моделей в интернет, а второй – это различные сленги, которые вошли в наш язык под влиянием интернета. Известно, что этот вопрос актуален для сохранения чистоты языка. Также приводятся причины нарушения языковых норм в интернете, приводятся взгляды наших ученых на мотивированные и неоправданные отклонения, нарушающие языковые нормы.

В статье рассматриваются взгляды и представления М. Балакаева, Р. Сыздык о языковых нормах и труды зарубежных лингвистов Д. Кристал, Л. Ф. Компанцева, Е. И. Горошко, Н. А. Ахренова, которые внесли значительный вклад в интернет-лингвистику. Автор прослеживает изменения языка под влиянием интернета и меры по их предотвращению.

Ключевые слова: интернет-лингвистика, литературный язык, языковые нормы, мотивационные отклонения, немотивированные отклонения.

The article deals with the issue of language norms, which is rarely discussed in modern Kazakh linguistics. The author considers the phenomenon of Internet influence on language norms, based on the views of Kazakhstani and foreign researchers studying the field of Internet linguistics in general. The first is the introduction of speech models to the Internet, and second is the various slangs that have entered our language under the influence of the Internet. It is known that this issue is relevant to preserve the purity of the language. The reasons for violation of language norms on the Internet are also given, as well as the views of our scientists on motivational and unjustified deviations that violate language norms.

The article considers the views and ideas of M. Balakayev, R. Syzdyk about language norms and the works of foreign linguists D. Kristal, L. F. Kompantseva, E. I. Goroshko, N. A. Akhrenova who made a significant contribution to the Internet linguistics. It also discusses changes in language under the influence of the Internet and measures to prevent them.

Keywords: Internet linguistics, literary language, language norms, motivational deviations, unmotivated deviations.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz